

Бекітемін:
«Айша» бөбекжайы менгерушісі:
Тулеугалиева Б.Б.



«Айша» бөбекжайы

Тақырыбы:

«Тәуелсіздік-тұғырым» ертеңгілігі



«Алақай» ересек тәрбиеші: Жиренова У.С

2025 жыл

Тәуелсіздік –тұғырым

Жүргізуші:

Желтоқсан - ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар. «Алақай» тобының "Тәуелсіздік- тұғырым" атты ертенгілігіне қош келдіңіздер! -Бүгін біз Қазақстанымыздың Тәуелсіздік алған күнін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!!!

Жүргізуші: Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңай жеткен жоқпыз. Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады. Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп. Солардың бірі: Қайрат Рұсқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхамеджанова, Ербол Спатаев деген жастарымыз желтоқсан оқиғасында ерліктерімен көзге түскендер. Енді міне, осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата — бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күн - Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке. Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Барша халық таныған, Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

Әнұранды орындау

Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан республикасы.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана. Жақсы балалар.

Хадиша

Тәуелсіздік туымыз,

Тәуелсіздік сырымыз.

Арналады тек саған,

Ән менен күй жырымыз.

Жүргізуші: Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік әнді қабыл алыңыз:

Ән: «Тәуелсіз елім -Қазақстан»

Жүргізуші:

Мұз жастанып азаматтық жолында,

Тәуелсіздік туы тұрды қолында.

Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып

Сойыл таяқ ойнаса да жолында

Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Жүргізуші: Тәуелсіздік күніне арналған балалардың тақпақтарын қабыл алыңыз:

Айлин

Тәуелсіздік таңы атты,

Барлық әлем жанарып,
Осы тұрған халқыма
Бейбітшілік орнады.

Нарын

Тәуелсіздік жолында,
Талай-талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім – Елтаңбам

Алинұр

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой,
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік ұлы той.

Тахир

Көк аспандай тулайтын,
Желтоқсанның күні бұл.
Елім деген ұлдардың,
Елжірейтін күні бұл.

Айназ

Тәуелсіздік-тірегім,
Тәуелсіздік –тілегім.
Ертені деп елімнің,
Дүрсілдейді жүрегім.

Жүргізуші:

Барлық ұлттың басын қосты бұл достық
Ұлы достық Нұрлы достық
Күн достық Достық деген қасиетті ұранға
Кең даланың жүрегі де үн қосты

Би: «Рух» қарсы алыңыздар

Жүргізуші:

Қуат алған өзінен,
Туған елдің ұлымын
Бақытты етіп өсірген,
Отанымның гүлімін.

Ойын «Пазлдар құрастыру»

Жүргізуші:

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің,
Бүгінде бар әлемге даңқың жеткен
Тәуелсіз Қазақстан елім менің.

Тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтады

Нұрмұхаммед

Бақыт құсы қонды ғой,
Менің туған жеріме.
Тіліміз бен дініміз,
Қайта келді еліме.

Нұриддин

Тәуелсіздік туымыз,
Тәуелсіздік сырымыз.
Арналады тек саған,
Ән менен күй жырымыз.

Джахангир

16-шы желтоқсан -
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан,
Атамменен барғанмын.

Имран

Аралаймын алаңды,
Тәуелсіздік күнімен.
Батыр Қайрат ағамның,
Суретіне үңілем.

Назар

Отаным, Қазақстан
Құтты болсын мерекен.
Тәуелсіз елміз отыз жыл,
Арта берсін берекен.

Жүргізуші: Енді міне біз тәуелсіз ел болдық.

Басқалармен терезесі тең болдық
Әрқашанда біз дайынбыз тайсалмай
Отан үшін болуға да құрбандық.

Флешмоб «Менің елім Қазақстан»

Жүргізуші: Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жаксы оқып, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар. Сендерге зор денсаулық, көңілдеріңе шаттық тілей отырып, атар әрбір таңдарың арайлы да шуақты болсын, күннің нұры сәулесін мол төксін деп ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Анықтама

Іс-шара атауы: «Тәуелсіздік- тұғырым »

Өткізілген күні: 15 желтоқсан 2025 жыл

Топ: «Алақай» ересек тобы

Мақсаты: Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ, мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.

Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу.

Қатысушылар саны: 18 бала

Ұйымдастырушылар: Топ тәрбиешілері: Жиренова У.С,
Топ көмекшілері

Инстаграм желісіне жүктелді.

<https://www.instagram.com/p/DSSvVFiiyUo/?igsh=MTQxZXQycWl0x2c2cQ>

